



Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 5 (907) 5 ақпан 2026 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ВОЛОНТЕРЛЕР ФОРУМЫ

ЕРІКТІ БОЛУ – ОТАНЫҢ АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Магжан Жұмбаев ауданының «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры Жалғас Әлнәзіров, сондай-ақ Возвышенка ауылындағы «Помощь рядом» еріктілер қозғалысының үйлестірушісі Шолпан Тоқлаева Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Астана қаласында өткен Еріктілер форумына қатысты.

Мемлекет басшысы алдымен жиналғандарды Волонтерлер форумының ашылуымен құттықтады.

«Бұл – шын мәнінде ерекше басқосу. Бәріңіз де бүгінгі форумға еліміздің әр аймағынан келіп жатсаңыздар. Мен Сіздерді қоғам игілігі үшін қызмет етіп жүрген Қазақстанның нағыз отаншыл, жасампаз және қамқор жастары деп санаймын. Биыл бүкіл әлем Халықаралық еріктілер жылын атап өтуде. Өздеріңіз білесіздер, бұл бастаманы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының 75-ші сессиясында көтердім. Еліміздің ұсынысы жаһандық ауқымда жолдау тапты. Біз еркінетті ел ретінде күллі адамзатқа ортақ құндылықтарды дәрінтейміз, оны келешек ұрпаққа аманат етеміз.

Ерікті болу – игі істер жасау, жақсылық істеп, басқаға үлгі көрсету, Отаныңа адал қызмет ету, туған жеріңе жанашыр болу деген сөз.

Ниеті тузу, жаны таза адамдар осы жолды таңдайды, еріктілер қатарына қосылып, жақсылық еңбек етеді.

Еріктілерді озық ойлы қоғамның айнасы деп айтсақ, артық болмайды», - деді Президент.

Президент өз сөзінде еріктілердің ерекше рөлін атап өтіп, еріктілер қозғалысының маңыздылығына тоқталды. Біз ауданымыздың өкілдері еріктілікті дамытуға үлес қосып, белсенді азаматтық ұстанымның үлгісін көрсетіп жүргенін мақтан тұтамыз.



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

АТА ЗАҢНЫҢ 84 ПАЙЫЗЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛЕДІ

Аудан басшысы кездесуді аша отырып, Жаңа Конституцияның жобасы кіріспеден, 11 тараудан және 95 баптан тұратынын атап өтті. Бұл бастама саяси жүйені кешенді түрде қайта жаңғыртуға және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасауға бағытталған. Жаңа өзгерістер аясында Ата заңның 84 пайызына өзгеріс енгізіледі. Онда адам құқықтары мен бостандығына айрықша мән берілген.

- 2025 жылғы 8 қазанда Парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Оның құрамына жетекші құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар фракцияларының және қоғамдық ұйымдардың өкілдері енді.

Үлттық Құрылтайдың V отырысында Мемлекет Басшысы Конституциялық реформаның негізгі бағыттары жөніндегі өз ұстанымын айқындап, оның ел дамуы үшін маңызын атап өтті.

Бұл конституциялық реформа – Қазақстанның болашақ даму моделін айқындайтын, қоғамның құндылықтық бағдарын нақтылайтын стратегиялық әрі идеологиялық маңызы зор қадам.

Құрамына қоғам белсенділері, сарапшылар мен кәсіби мамандар енген Конституциялық комиссияның отырыстары ашықтық қағидатына сай, тікелей эфирде көпшілікке

3 ақпан күні аудан әкімдігінің отырыс залында жаңа Конституцияның жобасын талқылауға арналған кездесу өтті, оған аудан әкімі Рахат Смағұлов, бөлім басшылары, мәслихат депутаттары, құқыққорғау және аумақтық басқармалардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдері, партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері және бейнебайланыс арқылы ауылдық әкімдердің аппарат қызметкерлері қатысты.



коллективті форматта өткізілді. Елде болып жатқан нақты өзгерістер мен қоғамдық сұраныстарды ескере отырып, Ата Заңның жобасы шамамен алты ай бойы әзірленіп, кең ауқымды қоғамдық талқылауға ұсынылды.

Жаңа Кіріспе бөлімінде алғаш рет адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты басымдығы ретінде жарияланып, адамға деген

құрмет, жауапкершілік пен әділеттілік қағидаттары айқын бекітілді. «Адам – мемлекет үшін емес, мемлекет – адам үшін» деген түбегейлі ұстаным мемлекеттік саясаттың өзегіне айналуда. Бұл әлеуметтік әділдікке, тең мүмкіндіктерге және заң алдындағы теңдікке негізделген жаңа қоғамдық келісімнің қалыптасуын білдіреді.

Жобада көзделген өзгеріс-

тердің мәні мен маңызын ауданның әрбір тұрғынына жеткізіп, жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Бұл реформа елдің жарқын болашағын қамтамасыз етуге, қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға және әділеттілік қағидаттарын орнықтыруға бағытталған маңызды әрі ауқымды бастама екендігіне сенімдімін, - деді Рахат

Смағұлов.

Кездесу барысында аудандық мәслихат төрағасы Айзада Рахметова, ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, ауданның құрметті азаматы Сергей Заев, жастар ресурстық орталығының маманы Мария Галайдина кезек-кезек сөз алып, жаңа Ата заңға енгізіліп жатқан өзгерістерге тоқталып өтті.

Осылайша, аудан активі Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын талқылап, оның маңызды тұстарын сөз етті.

Жобада жалпыхалықтық референдум Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізудің жалғыз тетігі болып табылатыны, оны өткізу туралы шешімді Президент өз бастамасымен, Құрылтайдың, Үкіметтің немесе Халық кеңесінің ұсынысы бойынша қабылдай алатыны көрсетілген.

Елде болып жатқан өзгерістер Негізгі Заңды жаңарту қажеттілігін айқындады. Конституцияның жаңа мәтіні қазіргі шындықты бейнелейді және мемлекет дамуының стратегиялық міндеттеріне жауап береді.

Сөз соңында айтарымыз, конституциялық реформа ауданның елді мекендерінде де қызу талқыланып, жұртшылық назарына кенінен ұсынылмақ.

Еркін ТӨЛЕГЕН.
Суретті түсірген автор.

БАРЛЫҚ САЛАДА ОҢ ӨСІМ БАР



Кеңес барысында 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, қысқы кезеңде автомобиль жолдарын күтіп ұстау, арнаулы салық режимдерін қолдану тәртібі туралы ақпараттандыру туралы мәселелер қаралды.

Бірінші мәселе бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев баяндама жасады.

- Жалпы аудан бойынша 2025 жылдың 12 айында әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң өсу серпіні байқалады. Экономиканың негізгі салаларында да оң қарқын байқалады, атап айтқанда, өнеркәсіпте өсім – 7,9%, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде – 8,8%, инвестицияларда – 26,9%, ауыл шаруашылығында – 16,1%, тұрғын үйді пайдалануға беруде – 1,1%, бөлшек саудада – 2,2%, көтерме саудада – 3,2 есе, құрылыста – 97,8% құрады, - деп Азамат Жаңбырбайұлы әр салаға кеңінен тоқталып өтті.

Екінші сұрақ бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол-ұй келігі және автомобиль жолдары

3 ақпан күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес өтіп, оған жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

бөлім басшысы Асхат Қыраубаев ақпарат ұсынды.

- Аудан аумағында 658 км жол өтеді, оның ішінде 194 км республикалық маңызы бар жол, 108 км облыстық және 355,6 км аудандық маңызы бар жол.

Республикалық маңызы бар (194 км) жолдарды тазарту жұмыстарын «КАЖ-сервис» ЖШС жүзеге асырады. Ауданда бұл ұйым екі бөлімшеден тұрады: ДЭП-4 «Булаево» және ДЭП-5 «Возвышенка». Осы ұйымдарда барлығы 13 техника бірлігі бар.

Көктайғаққа қарсы материалдар 20 тонна күм-түз қоспасы дайындалды, қажет болған жағдайда Петропавл қаласының базасынан әкелінеді.

Облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды қардан тазарту жұмыстарын «Петропавл жолдары» ЖШС жүргізеді. Осы мақсатта ауданда екі жол ұйымы бар ДЭУ-68 және Возвышен ПДУ. Жолдарды қысқы күтіп ұстау үшін ЖШС де 16 техника

бірлігі бар. Көктайғаққа қарсы 80 тонна материал дайындалды.

Жолдарды тазарту бойынша ауыл шаруашылығы құрылымдары айтарлықтай қолдау көрсетеді, жасалған меморандумдарға сәйкес ауданның елді мекендерінде қысқы кезеңге 90-ға жуық техника жұмылдырылған.

Булаев қаласы бойынша көше жолдарын күтіп ұстауға «Петропавл жолдары» ЖШС-мен шарт жасалды, шарт бойынша қосалқы мердігерлер тартылды. Шектеу кезеңінде қажет болған жағдайда ауданда уақытша орналастыру үшін 11 жылыту пункті бар.

Ауданда жалпы ұзындығы 355,6 км аудандық маңызы бар барлығы 38 жол бар, оның ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер жалпы ұзындығы 90 км 17 жолды тазартуды жүзеге асырады.

Округ әкімдеріне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер есебінен күтіп

ұстауды ұйымдастыруға болатын жолдар санын ұлғайту жүргізілді. Бұл тәсілді іске асыру аудандық бюджетке түсетін жүктемені азайтуға және қысқы кезеңде жол желісіне неғұрлым жедел қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, - деді Асхат Жаңбырбайұлы.

Үшінші сұрақ бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Сергей Макеев сөз алып, қандай салық салу режимдері қарастырылғанын және қандай жағдайда 2026 жылғы 1 наурызға дейін салық режимін таңдау туралы хабарлама тапсыру қажет екенін түсіндірді.

Сергей Васильевич 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енгеннен кейін арнайы салық режимдерінің саны үшке дейін қысқартылғанын айтып, барлық сұрақтар бойынша басқармаға тікелей жүгінуге болатынын жеткізді.

Рахат Смағұлов жиын соңында аудан өкімінің аппаратына кеңес қорытындысы бойынша хаттама жасап, барлық тармақтың орындалуын бақылауда ұстау бойынша тапсырмалар жүктеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МЕРИТОКРАТИЯ ПРИНЦИПІ - ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА



Мемлекеттік реформалардың ойдағыдай жүзеге асырылуы мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне тікелей байланысты, өйткені олар еліміздің әлеуметтік-экономикалық өмірін жақсартуға, мемлекеттік қызметтердің сапасын және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған шешімдерді іске асырады. Осыған байланысты меритократия қағидаты - білім, құзыреттер және еңбек нәтижелері негізінде қызметтің өсуіне негізделген Қазақстанда мемлекеттік қызметтің жаңа моделі дәйекті түрде қалыптастырылуда. Меритократия мәселесі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің стратегиялық бағыты болып табылады.

Бүгінде облыстың мемлекеттік органдарында 4 мыңға жуық мемлекеттік қызметші еңбектенуде. Сонымен қатар, кадрлар құрамы жоғары білім деңгейімен ерекшеленеді: қызметкерлердің басым көпшілігі жоғары білімге ие, көбісі екі немесе одан да көп дипломға ие. Сондай-ақ, жүйеде Мемлекеттік басқару академиясының, «Болашақ» бағдарламасының түлектері, Президенттік Жастар кадрлық резервінің резервшілері және шетелдік оқу тәжірибесімен мамандар қызмет етуде. Бұл мемлекеттік қызметке дайындалған мамандардың келуін растайды.

Меритократияны нығайтудың негізгі қадамдарының бірі мемлекеттік қызметке дарынды жастардың келуіне жағдай жасау болып табылады.

2023 жылдан бастап мемлекеттік грант бойынша және 3.33 (GPA) оқу нәтижесімен білім алған қазақстандық университеттердің түлектері конкурстық төменгі лауазымдарға түсе алады. Өңірлердегі басшылық лауазымдарға конкурстан тыс тағайындау құқығына ие болған Мемлекеттік басқару академиясының түлектері үшін де осындай мүмкіндіктер

қарастырылған. Бұл шаралар қазірдің өзінде оң нәтиже беруде. Мемлекеттік органдарда бірқатар жас мамандар еңбек жолын бастауға, сонымен қатар Мемлекеттік басқару Академиясын бітірген мемлекеттік қызметшілер жоғары лауазымдарға тағайындалу мүмкіндігіне ие болды.

Меритократия қағидаты мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау жүйесі арқылы да іске асырылады, маманның қызметіне қатарынан 4 тоқсан «функционалдық міндеттерін тиімді атқарды» баға беріп, оң жоғары тұрған лауазымға тағайындалуға құқығына ие. 2025 жылы Солтүстік Қазақстан облысында бағалау қорытындысы бойынша 10 маман жоғары лауазымға тағайындалды, оның ішінде 3 - жергілікті атқарушы органдарында және 7 - орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде қызмет атқарады.

Осылайша, мансаптық өсу тиімділік пен жауапкершіліктің арқасында өкени дәлелденді.

Басшы құрамы мемлекеттік қызметшілер арасында өткізілетін ішкі конкурстар арқылы жаңартылады. Онда өз саласында тәжірибе мен құзыретке ие

қатысушы көз келген бос басшы лауазымға конкурсқа қатыса алады.

Конкурстық комиссия жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің мамандары мемлекеттік органдарында ішкі конкурсқа өңімелесуге ұдайы түрде қатысады. 2025 жылы жергілікті атқарушы органдарда ішкі конкурстардың жеңімпаздарының 81% жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалды, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде - 71%.

Жүргізіліп жатқан реформалар кәсіби, ашық және нәтижеге бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін мемлекеттің нақты бағытын көрсетуде. Меритократия мемлекеттік қызметтегі өсудің нақты тетігі, өйткені мұнда басты критерийлер - құзыреттілік, тиімділік және қоғам мүдделеріне қызмет ету болып табылады.

Мадияр БАЛТАБАЕВ,
ҚР Агенттігінің Мемлекеттік қызмет істері СҚО бойынша департаментінің бас маманы.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ИНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДАМУЫНА ТӨНТЕН ҚАУІП

Жемқорлық қазіргі заманғы мемлекеттердің тұрақты дамуына кедергі келтіретін аса қауіпті әлеуметтік-құқықтық құбылыс болып табылады. Ол мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін төмендетіп, құқық үстемдігі қауіпін әлсіретеді, сондай-ақ қоғамның білік институттарына деген сеніміне нұқсан келтіреді. Осыған байланысты жемқорлықпен күрес мәселесі құқықтық мемлекет құрудың маңызды шарттарының бірі ретінде қарастырылады.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, жемқорлықты жеке пайда табу мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді заңсыз пайдалану деп сипаттауға болады. Бұл құбылыс тек экономикалық зиян келтіріп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік әділетсіздік пен құқықтық нигилизмнің қалыптасуына ықпал етеді. Жемқорлықтың кең таралуы заң алдындағы теңдік принципін бұзып, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есептілігін төмендетеді.

Экономикалық даму тұрғысынан жемқорлық инвестициялық климаттың нашарлауына, бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалынуына және көлеңкелі экономиканың өсуіне алып келеді. Нәтижесінде әлеуметтік бағдарламалардың толық іске асырылуы тежеліп, халықтың өмір сүру сапасына кері әсерін тигізеді. Бұл факторлар қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің артуына негіз болуы мүмкін.

Жемқорлықтың әлеуметтік салдары оның ұзақ мерзімді сипатымен ерекшеленеді. Атап айтқанда, азаматтардың мемлекетке және құқықтық институттарға деген сенімі әлсіреп, заңды айыппен өту дағдылары қалыптасады. Әсіресе жастар арасында құқыққа неғұрлым қарау мен адал еңбектің құндылығын төмендетудің үрдісі байқалады, бұл мемлекеттің болашақ дамуына елеулі қауіп төндірді.

Қазақстан Республикасында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кешенді сипатқа ие және заңнамалық, институционалдық әрі ұйымдастырушылық шаралар арқылы жүзеге асырылуда. Мемлекеттік қызметті цифрландыру, ашықтықты арттыру және қоғамдық бақылау тетіктерін дамыту жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің негізгі құралдары ретінде қарастырылады.

Қорытындылай келе, жемқорлық – қоғам дамуына төнген жүйелі қауіп. Онымен күрес тек құқықтық шаралармен шектелмей, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруды және қоғамдық сананы жаңғыртуға талап етеді. Тек осындай жағдайда ғана әділетті, тұрақты және тиімді мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Әсел БАЛТАШ,
Петропавл қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты өкімшісінің басшысы.

Мағжан Жұмбаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат КЕНЖЕБОЛАТОВ ЕРМЕК СӘЛІМЖАНҰЛЫ ӨМІРБАЯНЫ

1969 жылғы 6 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Қарақоға ауылында дүниеге келген.

Білімі: жоғары, 2005 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

1990-1995 жылдары Булаев ауданы Конохов көңшарының № 4 бөлімшесінде ветеринарлық дәрігер болып жұмыс істеген.

2002-2009 жылдары Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында Мағжан Жұмбаев ауданында қызмет еткен.

2011-2014 жылдары «Таман ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ компьютерлік құрылғылар операторы лауазымында еңбек еткен.

2015-2016 жылдары Мағжан Жұмбаев ауданы мәслихаты аппаратының іс қағаздарын жүргізу жөніндегі инспекторы болып қызмет атқарған

2016-2020 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімі болған.

2021-2022 жылдары «Мағжан Жұмбаев ауданының білім бөлімі» КММ заңгері лауазымында еңбек еткен.

2022 - 2024 жылдары «Алтын Астық 2050» ЖШС мұнай базасының меңгерушісі болып жұмыс жасаған.

2025 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін «Мағжан Жұмбаев ауданының білім бөлімі» КММ заңгері лауазымын атқарған.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімдігіне өзін-өзі ұсыну жолымен кандидат болып ұсынылды.

«Amanat» партиясының мүшесі.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Аққайың ауылдық округінің тұрғындары!

Мен өз кандидаттарымды ауылдық округ әкімі лауазымына ұсына отырып, нақты өмірлік және кәсіби тәжірибемі сүйенемін. Мен еңбек жолымды қарапайым жұмысшы мамандықтарынан бастадым, сондықтан ауыл өмірін ішінен жақсы білемін.

Мен үшін ең құнды тәжірибе - 2016-2020 жылдар аралығында Авангард ауылдық округінің әкімі болып жұмыс

істеген кезеңім. Төрт жыл ішінде мен халықтың мәселелерін шешуді және нақты нәтижеге қол жеткізуді іс жүзінде үйрендім. Маған дайындық үшін уақыт қажет емес, мен бірден іске кірісуге дайынмын.

Менің бағдарлама ауылдарымыздың нақты мәселелерін шешуге негізделген: Октябрьское ауылында ауылшілік жолдар кез келген ауа райында жүруге жарамды болуы үшін оларды жөндеуге баса назар аударамын.

Хлебобоб ауылында сапалы байланыс пен интернет үшін антенна-мачталық құрылғы орнатуды, сондай-ақ халықты тұрақты сумен қамтамасыз ету үшін таза су резервуарын салуды басты басымдығым ретінде белгілеймін.

Округ бойынша инфрақұрылымды дамыту және ауылдарды абаттандыру жұмыстары жалғасатын болады.

Менің қызметім ауыл тұрғындарының әл-ауқатын, тұрмыс деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталды.

Халықтың әлеуметтік осал топтары - зейнеткерлерге, мүгедектігі шектеулі жандарға және көпбалалы отбасыларға жан-жақты қолдау көрсетіп, көмектесетін боламын.

Мен Сіздерге адал еңбек етуге, ашқытыққа және кәсібилікке уәде беремін.

Сіздерді тәжірибе мен нақты істер үшін дауыс беруге шақырамын.

Біз бірлесіп отырып, округіміздегі өмірді жайлы етеміз!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмбаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат МҮКЕЕВ АРМАН ТОҚТАМЫСҰЛЫ ӨМІРБАЯНЫ

1985 жылы 29 қаңтарда Омбы облысы Москаленка ауданы Новоцарицано ауылында дүниеге келген.

2017 жылдан 2019 жылға дейін Ақмола облысы Көкшетау қаласындағы Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша оқыды, біліктілігі «Құқық бакалавры».

Еңбек жолын 2011 жылдың қаңтарынан 2012 жылдың қыркүйегіне дейін Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының ішкі істер

бөлімінде жол полициясы бөлімшесінің операторы болып бастаған.

2013 жылдың маусымынан 2021 жылдың қарашасына дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданының полиция бөлімінде қызмет атқарды.

2022 жылдың тамызынан 2022 жылдың қыркүйегіне дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ статистик болып жұмыс істеді.

2022 жылдың қыркүйегінен 2023 жылдың қаңтарына дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жалпы мәселелер бойынша бас маманның міндетін атқарды.

2023 жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жалпы мәселелер бойынша бас маман болып жұмыс істейді.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Аққайың ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде берген шешімнің себебі, осы жұмысты атқарғым келеді, көшбасшылық дағдыларымды және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмірлік сапасын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындауға жұмсағым келеді.

Егер мені Аққайың ауылдық округінің тұрғындары әкім етіп сайласа, қызметімді келесі мақсаттар бағыттаймын:

- ауылшілік жолдары жөндеу мен қыршықтас төсеу, жолдарды тегістеу

мен қысқы уақытта күтіп ұстау;

- округтегі елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту;
- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы және аз қамтылған азаматтар мен отбасыларға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;

- жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру;

- ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықпен қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларды іске асыру;

- мұқтаж адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмысты ұйымдастыру;

- ауылдықтар үшін жан-жақты мәдени даму жағдайларын жасау;
- мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастарды, жұмыссыз азаматтарды кәсіби оқытудан және қайта даярлаудан өтуге жәрдемдесу;

- іскер жастардың әлеуметтік-бұқаралық бағыттағы бастамаларын қолдау;

- округ тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға жан-жақты атсалысу;

- әлеуметтік маңызы бар объектілердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Мен мемлекетіміздің Конституциясы мен заңдарын басшылыққа ала отырып, округ халқының игілігі үшін қызмет ететін боламын.

Сондықтан, сайлау күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздердің маған берген дауыстарыңыз – балаларымыздың, жастарымыздың, ата-аналарымыздың бақытты да баянды өмір сүруіне қосқан үлестеріңіз болып табылады!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмбаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат ТЕРБАХ СВЕТЛАНА ВЛАДИМИРОВНА ӨМІРБАЯНЫ

1994 жылы 24 қаңтарда Ақмола облысы Жаналы ауданы Шойындыкөл ауылында дүниеге келген.

Білімі орта арнаулы, 2013 жылы Петропавл құрылыс – экономикалық колледжінің «Құқықтану» бөлімін заңгер мамандығы бойынша бітірген.

2012 жылдан бастап 2013 жылдың 1 мамырына дейін Ганькино орталау мектебінде іс жүргізуші болып жұмыс істеген.

2015 жылдың 2 желтоқсанынан 2023 жылдың

21 тамызына дейін «Фурманов орта мектебі» КММ-де іс жүргізуші болып еңбек еткен.

2017 жылдың 4 желтоқсанынан бастап 2020 жылдың 20 сәуіріне дейін «Фурманов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де статистик болып қосымша жұмыс жасаған.

2023 жылдың 12 маусымы мен 28 тамызы аралығында «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Бейтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де статист азымын атқарған.

2023 жылдың 29 тамызынан бастап «Мағжан Жұмбаев ауданы Бейтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жалпы мәселелер бойынша бас маманның міндетін атқарушы болып жұмыс істеген.

2023 жылдың 2 қарашасынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Бейтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жалпы мәселелер бойынша бас маман болып жұмыс істейді.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Аққайың ауылдық округінің тұрғындары!

Маған көрсеткен сенімнің үшін және Аққайың ауылдық округі әкімінің кандидатурасына кандидаттарамды ұсынғаныңыз үшін шын жүректен алғыс айтамын.

Мені округ әкімі етіп сайлаған жағдайда, өз жұмысымның мақсаты - округті дамыту (Октябрьское, Хлебобоб, Суворовка, Зарослово, Гаврино ауылдарының аумақтарын қоса алғанда). Осы мақсатқа жету үшін депутаттармен, қоғамдастықпен, ауыл шаруашылығы тәуарын өндірушілермен, кәсіпкерлермен және тұрғындармен белсенді өзара

іс-қимыл жасау маңызды деп санаймын. Менің сайлауалды бағдарлама келесі міндеттерді жүзеге асыруды қамтиды:

- кентішілік жолдарды жөндеу;
- округ ауылдарында интернеттің сапасы төмен, ұялы байланыстың әлсіздігі байқалады, сондықтан жұмыстағы басым бағыттардың бірі сапалы байланыс және интернет қызметтерін қамтамасыз ету мәселесін шешу болады;

- округ аумағын абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту бойынша, әсіресе, рұқсат етілмеген полигондар мәселесіне қатысты тұрақты жұмыс. Өз екіелітігі

шеңберінде округтің барлық елді мекендерінің аумағын жайластыру мәселелерін шешуге жәрдемдесетін боламын;

- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;
- спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды қолдау, жастардың және округтің барлық тұрғындарының бос уақытын ұйымдастыру.

Бұл мен округ әкімі ретінде жүзеге асыруды жоспарлап отырған негізгі бағыттар мен бірінші кезектегі міндеттер. Әрине, өмір мен бюджеттің нақты мүмкіндіктері түзетулер енгізуге мүмкін.

Дегенмен, округ тұрғындарымен бірауыздан және бірлесіп жұмыс істеу арқылы біз жақсы нәтижелерге қол жеткізетінімізге сенімдімін. Мен олардың шешімін толық табыспен іздеймін.

Сондықтан мен Сіздердің сенімдеріңіз бен қолдауларыңызға шын жүректен үміттенемін!

Жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін мен Сіздерден сайлауда зор қолдау күтемін!

Сайлау күні сайлау учаскесіне келіп, баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын.

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ - ӘРҚАШАН АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА



30 қаңтар күні «Аманат» партиясы аудандық филиалының отырыс залында аудандық ардагерлер кеңесінің есеп беру-сайлау конференциясы өтіп, оның жұмысына аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының мүшелері - облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Бейбіт Әбішев, облыстық ардагерлер кеңесінің баспасөз хатшысы Марат Ермұқанов, Қызылжар ауданы ардагерлер кеңесі төрағасының міндетін атқарушы Әбілхан Бейжанов қатысты. Сондай-ақ алқалы жиналаушылардан бастауыш ардагерлер ұйымдарының алғаш делегаты, сонымен бірге, атқарушы билік, ішкі саясат және мәдениет, білім, әлеуметтік қызметтер, денсаулық сақтау және тағы да басқа қызмет өкілдері шақырылыпты.

Конференцияның күн тәртібіне бірқатар маңызды мәселелер шығарылып, қатысушылар алдымен арнайы әзірленген бейнероликті тамашалады. Содан кейін бірінші мәселе аудандық ардагерлер кеңесінің өткен жылғы есебін талқылау бойынша Оралбай

Сағындықов сөз сөйлеп, кең ауқымды баяндама жасады. Сондай-ақ тексеру комиссиясының төрағасы Л.В. Зайкова ақпарат ұсынды. Жыын барысында Успенка ауылдық округіндегі бастауыш ұйымының төрайымы Л.В. Маклакова, ардагерлер

ұйымы төрағасының мүшесі А.М. Барсуков, Булаев қаласындағы бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы Л.М. Егорычева, Бастомар ауылдық округіндегі бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы Н.А. Козлова және Пролетарка ауылындағы (Чистов ала) бастауыш арда-

герлер ұйымының төрайымы Ж.О. Петрова кезек-кезек сөз алып, пікір білдірді. Сонымен қатар, олар өздерінің ұйымдарының жұмысы туралы және ауданның басқа ардагерлер ұйымдарымен, жұртшылықпен ынтымақтастықтары туралы айтып берді.

Әдеттегідей, ардагерлер жыл бойы үлкен, қызықты және қажетті жұмысты жалғастырып, олардың қызметі зейнеткерлерді қолдауға бағытталды. Жыл бойы көптеген қызықты, шығармашылық іс-шаралар өтіп, ардагерлер ауданның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени өміріне белсене араласты.

Аудандық ардагерлер кеңесі әрдайым алдыңғы қатарда болып, бір жыл ішінде өз жерлестеріне көптеген игі істер жасады. Барлық қатысушылар аға буын өкілдерінің қоғамдық жұмысын, мүмкін еріктілердің еңбегін және басқа да істерін жоғары бағалады. Әсіресе, біздің жас мағжандықтарға адамгершілік, Отанға деген сүйіспеншілік, қарттарға деген қамқорлық және мейірімділік қасиеттерді сіңіруге зор үлес қосты.

Облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Б.Ә. Әбішев өз сөзінде Мағжан Жұмабаев ауданының ардагерлер кеңесі ұзақ уақыт бойы облыстың ең үздік ардагерлер ұйымы болып табылатынын атап өтіп, оның 2025 жылғы қызметін оң бағалады.

Аудан әкімінің орынбасары А.С. Шәріпов те аудандық ардагерлер кеңесінің қызметі аудан үшін аса маңызды екенін атап өтті. Азамат Сайранұлы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен болашаққа бағытталған мақсат-міндеттері туралы ақпарат ұсынды.

Осылайша, күн тәртібіндегі барлық сұрақтар талқыланып, жиналғандар ауданның ардагерлер ұйымының жұмысына оң баға берді.

ҚАЗАҚТЫҢ МАҢДАЙЫНА БІТКЕН ТАУ ТҮЛҒА

Академик Қаныш Сәтбаев - көрнекті геолог ғалым, ғылымның талантты ұйымдастырушысы, ірі ғылым, мемлекет және қоғам қайраткері, энтузиаст. Ол елге заңгерлік, ғылыми даму тереңін белгідегі, нәтижесінде қазғастандық және қоғам ағартушылығын ғылыми және көптеді институттарды қоғамға айналдыруға зор үлес қосты.

АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Қаныш Сәтбаев адамдардың талантын танып, жастарды дұрыс жолға бағыттай білді. Жастарды ғылымға тартты, тәрбиеледі. Академик даярлаған ғылыми кадрлар кейін ғалым ретінде қалыптасып, Қазақстан ғылымының дамуы үшін үлестерін қосты. Мәселен, ғалым-энергетик Ш.Ш. Шөкин, 1943 жылы Шапық Шөкпін Сәтбаевтың талабы бойынша «Қазсельхозэлектро» трестінің КСРО Қазған энергетика секторының меңгерушісі болып ауыстырылды. Кейіннен Шөкин қазақстандық энергетикалық ғылымның негізін қалаушысына айналды. Одан бөлек Қ. Сәтбаев академик Ә. Марғұланды ғылымға алып келді.

Әлкей Хақанұлы кейіннен ірі ғалым-археолог және қазақстандық археологиялық ғылымның негізін қалаушы болды. Сәтбаев геолог Ш.Е. Есеновтың талантын бағалап, кейіннен оны Қазақ КСР Геология министрі қызметіне тағайындауға ықпал етті. Қаныш Сәтбаев сондай-ақ Е.А. Букетовты да ғылымға алып келіп, оны 1960 жылы Қазақ ССР ҒА химия-металлургия институтының директоры етіп тағайындады. Кейін Евгений Арстанович химия ғылымында бірқатар ірі жаңалықтардың авторы және КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды. Ол әрқашан жастар үшін қамқор тәлімгер және мейібан ұстаз болды.

Қазіргі кезде ғылымда жүрген жастарға кезіндегі Ғылым академиясындағыдай қамқорлықты негізінен Ғылым және жоғары білім министрлігі мүмкіндігінше көрсетіп жатыр. Жыл сайын бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша орындар бөлініп, гранттар тағайындалады. Нақты ғылым саласындағы жастарға арнайы жобаны жүзеге асыру мүмкіндіктері бар, оның ішінде PhD докторантура бағдарламасын аяқтап, бірақ қорғал үлгермегендер үшін «Жас ғалым» жобасы бірнеше жылдан бері іске қосылғанын айту керек. Одан бөлек жеңілдікпен немесе тегін пәтер алу мүмкіндіктері де бар т.с.с.



Бір айта кететіні, ғылыми зерттеу ұйымдарында негізінен жобамен жұмыс жасайтын жастарға да «Жас ғалым» жобасына қатысу мүмкіндігі берілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Жалпы ғылымды басқаруда, ұйымдастыруда Қ.И. Сәтбаевтың жолын жалғайтын, оның ісін үлгі тұтатын қызметкерлердің көбейгені абзал деп түсінеміз.

Нұрғұл ҚҰРМАНАЛИНА

10 АҚПАН - АҚИЫ АҚЫН, ОРАҚ ТІЛДІ АЙТЫСКЕР - ЕРІК АСҚАРОВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

Ерік туралы біреу сөз



1966 жылы Ворошилов сегізжылдық мектептің бірінші сыныбына барды. Бала кезінен оқуға зерек, алғыр болған. Өлеңді 3-4 сыныпты оқып жүрген кезінде жазба бастаған. Алғашқы өлеңі 8-ші сынып оқып жүрген кезінде «Ленин туы» газетінде басылған шыққан. Ауыл мектебін тәмамдап, оқуын ары Алматы қаласында жалғастырған. Мектеп қабырғасында өлең жазу отыра сурет салумен айналысқан. Екі жылдық театр студиясын бітіріп, 1983 жылы

Ерік Асқаров - ақын, Қазақстан жас ақын одағының сыйлығының және Жазушылар одағының Мақатаев атындағы сыйлығының иегері. Ерік Мұхаммед-Харизм Асқаров 1959 жылы 10 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы Дүйсеке ауылында дүниеге келген.

Темірбек Жүргенов атындағы театр және көркемсурет институтында оқып, режиссер мамандығын алып шығады. Алғашқы еңбек жолын 1982-1986 жылдары қазақ теледидарында режиссер болып қызмет атқарған. Одан ары жазушы баспасында, Қазақ теледидарында редактор, Жазушылар одағының шығармашылық үйінде директор қызметін атқарды.

Ерік Хафизұлы - өте талантты, дарынды, білімді ақын. Қазақстан өнер шеберлерімен екі рет Түркия еліне сапарға шығып, қазақ бауырларымызбен кездесіп, өнер көрсетіп келген.

Ерік қазақ айттыс өнеріне өз үлесін қоса білді. Белгілі ақындармен айттысқа түсіп, жұлде де алған болатын. 1998 жылы Астанадағы «Елорда» баспасының бас редакторы, 2000 жылы Күләш Байсейітов атындағы опера және балет театрының директоры қызметін, кейін Қазақстан Республикалық Ұланының Президенттік оркестрінде көркемдік жетекші қызметін атқарды.

2003 жылы атақты Мағжан бабамыздың 110-жылдық тойына да келіп қатысқан болатын. Бұл ақынның ең соңғы сапары еді. Осы тойдан Астанаға қайтып бара жатқан жолда көлік апатына ұшырап қайтыс болды.

Қуат Есімханов Ерік туралы: «Ерік еліміздің еркесі еді. Ерік жүрген жерін жыр-думанға бөлеп, шындық құсын шарықтатып, рухты көтеріп, жігерді жазып, өзіне тән ақындық ер мінезін, өр мінезін өсте бір айнымайтын. Қашанда ел тілеуін тілеген, көпшілік қолдаған халық ұлы еді. Мағжан тауғандың киелі топырағында дүниеге келіп, жас күнінен Мағжаннан қалған жыр пырағының жалынан тартып мінген Ерік ақынымыз дәл Мағжан бабасының қасында аққан жұлдыздай үзіліп тұсты» - деп жазған.

Ақынның «Қостеректің құдығы» өлеңін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім: Қостеректің құдығы әлі бар ма екен, Кесіп-кесіп кім қауаасын салды екен. Сорлы құдық суалды ма елсізде, Қай мұсыпман бір дерегін алды екен.

Уақы орман-ұзақ орман көш-көруен, Бір ағаштай бауырында өскен ем. Кіл қайыңдар арасында қос терек, Айнымайды ару бойда қос меңген.

Әкем шырдап берген қара шалғының, Күзін сынап, баудай отап шалғының. Терегіне тереңдегі сырды ашып, Қостеректе өткен талай бал күнім.

Қауға тастап, самғауыра су алып, Қарагерді көуарына қандырып. Шоғырмағын теріп беріп ішкенме, Кетем ойнап, кеш кіргенде күн ауып.

Әке-шешем аяқтады аумырын, Сұм жалғанға тастап жалғыз құлының. Жалғыздықтан аспанға ұшып аңсаймын, Ата-анамды қостеректің құдығын!...

Айгүл ТЕНДІҚЫЗЫ, «Мағжан Жұмабаев музейі» филиалының директоры.

ҚЫСҚЫ ПРЕЗИДЕНТТІК КӨПСАЙЫС

АУДАНЫҢ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ – ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ

29 қаңтар мен 1 ақпан аралығында Жамбыл ауданының Пресновка ауылында қысқы Президенттік көпсайыс бойынша жарыстар өтіп, оған мағжандық спортшылар да қатысты.

Ауданымыздың құрама командасының спортшылары үш күн бойы пневматикалық мылтықпен ату, күш гимнастика (қыздар арасында - отырғып-тұру/қолды бүгіп-жазу, ерлер арасында - тартылу) және шаңғы жарысы бойынша спорт түрлерінен сынға түскен аудан спортшылары жоғары дайындық деңгейін, төзімділікті және жеңіске деген жігерін көрсете білді.

Жарыс қорытындысы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының коман-

дасы облыстың 13 ауданының ішінде жеңімпаз атанған Шал ақын, 2-ші орын алған Тайынша аудандарынан кейін жүздеді 3-ші орынды иеленді.

Аталмыш жарыстарға дайындалып, аудан намысын абыроймен қорғаған барлық спортшыларға алғыс білдіріп, алдағы уақытта толағай табыс пен жаңа жетістіктер тілейміз!

Қанат МҮСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



«СОЛТҮСТІК-2026» АУДАНЫҚ ҚЫСҚЫ СПОРТ МЕРЕКЕСІ

МАҒЖАНДЫҚТАР ҚЫСҚЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН СЫНҒА ТҮСТІ



31 қаңтар күні «Солтүстік – 2026» аудандық қысқы спорт мерекесі болып өтті. Бастамар ауылында ұйымдастырылған дәстүрлі догада ауданның үздік спортшылары күш сынасып, қысқы Президенттік көпсайыс, шайбалы хоккей, шорт-трек және шаңғы жарысы бойынша үздіктерді анықтады.

Қысқы ойын түрлері бойынша өткен жарыс қатысушыларын аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов құттықтап, спортшыларға аудан әкімі Рахат Смағұлов атынан жеңіс пен сәттілік тіледі.

Ауданымызда балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға көп көңіл бөлінуде. Қазіргі таңда қосымша білім беретін спорт үйірмелеріне 500-ге жуық оқушы барады. Күнтізбелік жоспарға 150-ден астам іс-шара енгізілген. Оларға жыл сайын 15 мыңнан астам адам қатысады. Былтыр дене шынықтыру инфрақұрылымын нығайту бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, - деді Азамат Сайранұлы.

Жарыс қорытындысына келер болсақ, қысқы Президенттік көпсайыс бойынша Булаев қаласының спортшылары қарсылас шақ келтірмей, үздік атанды. Полудин ауылдық округінің көпсайысшылары жүздеді 2-ші орынды иеленсе, Алтын дән ауылдық округінің командасы 3-ші орыннан көрінді.

Шайбалы хоккей жарысына 6 команда қатысып, алаң иелері – бастамарлықтар кезекті рет чемпиондық атақтарын қорғап қалды. Возышенка ауылының хоккейшілері күміс медальдарды еншілесіе, Булаев қаласының командасы қола медальды місе тұтты.

Шорт-трек сайысында аудан орталығынан келген спортшылар ешкімге дес бермей, ерлер мен әйелдер арасында өткен жарыста жалпыкомандалық есепте жеңіске жетті. Бастамар ауылдық округінің командасы 2-ші орынды қанжығасына байласа, Возышендік конькишілер 3-ші орынды қанағат тұтты.

Бастамар ауылының сыртында ерлер мен

әйелдер арасында ұйымдастырылған шаңғы жарысында тағы да Булаев қаласының спортшылары жеңістің биік тұғырына көтерілді. Бәйтерек ауылдық округінің шаңғышылары күміс жүлдені жеңіп алса, Аққайың ауылдық округінің жастары үздік үштікті қорытындылады.

Осылайша, аудандық кезеңде мықтылығын дәлелдеген спортшылар енді алдағы уақытта команда жасақталып, олар абылстық жарыста аудан намысын қорғамақ.

Дәстүрлі догада 350-ге жуық спортшы бақ сынады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді, жеке-кей көзге түскен спортшыларды арнайы тізімге қосамыз. Олар облыстық «Солтүстік - 2026» қысқы спорт мерекесінде ауданымыздың намысын қорғайтын болады. Бұл айтулы шара ақпанның 19-ы мен 22-сі аралығында Жамбыл ауданының орталығы - Пресновка ауылында өтеді, - деді дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаев.

«Солтүстік - 2026» аудандық қысқы спорт мерекесі аясында ұйымдастырушылар жарыс алаңдарын жабдықтап, барлық командаларды тегін тамақтанумен қамтыды. Сондай-ақ іс-шара қатысушылар мен қонақтар үшін аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары жарқын концерттік бағдарламасы ұсынды.

Барлық қатысушылар мен жанкүйерлер спорт мерекесін жоғары деңгейде өткеніне риза болып, көтеріңкі көңіл-күйде үйлеріне тарасты.

Еркін ТӨЛЕГЕН,
Суреттерді түсірген автор.



Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ЗАҒЫПАРОВА ЭЛЬМИРА БАЙЗОЛЛАҚЫЗЫ

ӨМІРБАЯНЫ



1990 жылы 9 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Возвышенка ауылында дүниеге келген. Білім жоғары, 2013 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Қаржы»

мамандығы бойынша бітіріп, «Экономика және бизнес бакалавры» дәрежесін алған. Қазіргі уақытта «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жалпы мәселелер бойынша бас маман болып

жұмыс істеймін. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округі әкіміне өзімді кандидат ретінде ұсынылған.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ноғайбай би ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде әрекет ету туралы менің шешімім азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыру, әлеуметтік - экономикалық міндеттерді іске асыру мақсатында өзінің барлық дағдыларын, білімі мен өмірлік тәжірибесін қолдана отырып, ауылдық округте жұмысты бастауға ұмтылудан туындады.

Егер мені Ноғайбай би ауылдық округінің әкімі етіп сайласа, өз қызметімді келесі мақсаттарға бағытаймын:

- жалғыз тұратын зейнеткерлерді, мүмкіндігі шектеулі жандарды, көп балалы отбасыларды және аз қамтылған азаматтарды қолдау бойынша әлеуметтік

жобаларды іске асыру;

- жаңа жұмыс орындарын құру және ауылдағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;

- елді мекендерді абаттандыру, ауылшілік жолдарды, кірме жолдарды жөндеу, көше жарығын жөндеу, сумен жабдықтау объектілерін реконструкциялау;

- ауылдық жерлерде мәдениет пен спортты дамыту үшін жағдай жасау.

Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінімін, сондықтан мен төмендегі міндеттерді орындау үшін қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін:

- ауылдың экономикалық дамуы

және округ тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту;

- бұқаралық демалыс орындарын дамыту;

- салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың бастамаларын қолдау;

- Жастар және әйелдер кәсіпкерлік бастамаларын қолдау;

- мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастарды оқыту және қайта даярлау;

- қоғамдық аумақтарды, саябақтарды, демалыс орындарын жайластыру;

- жастар арасында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, округте тұратын этностардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін сақтау.

- мәдени орталықтарды дамыту, бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру;
- барлық жастағы шығармашылық, спорт және бос уақытты қолдау.
- жергілікті халықтың мүдделерін ескере отырып, ұлттық және Өңірлік даму бағдарламаларын тиімді енгізу және бейімдеу.

Сіздермен бірге біз өз округімізді жайлы, заманауи және гүлденген жерге айналдыра аламыз деп сенемін.

Тек жалпы күш-жігермен, Сіздердің қолдауларыңызбен біз осы мақсаттарға қол жеткізе аламыз деп сенемін!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ИСАБАЕВ ДАМИР ҚУАНДЫҚҰЛЫ

ӨМІРБАЯНЫ



1999 жылы 18 наурызда Булаев қаласында дүниеге келген.

2019 жылы Петропавл құрылыс-экономикалық колледжін «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2020 жылы бастаған. 2020 жылдың маусым-қараша айлары

аралығында «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ жұмыс істеген.

Содан кейін 2020 жылдың қараша айынан 2024 жылдың сәуір айына дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ еңбек еткен.

2024 жылдың сәуір айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы әкімінің аппараты» КММ әкімнің орынбасары қызметін атқарады. «AMANAT» ПАРТИЯСЫ

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Егер мені ауылдық округ әкімі етіп сайласаңыздар, мен алдағы 4 жылда:

- «Надежка-Кромы» оңайлатылған өткізу пунктін жайластыруға жәрдемдесемін;

- Надежка-Қарағанды-Еремеевка кентшілік жолдарын жөндеуге қол жеткіземін;

- округ ауылдарында сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін;
- инфрақұрылымын жақсартуға жәрдемдесемін;

- Еремеевка ауылындағы ұялы байланысты жақсартуға тырысамын;
- мәдени-бұқаралық іс-шаралар,

спорттық жарыстар өткізу арқылы халықтың мәдени бос уақытын ұйымдастыруға ықпал ететін;

- спорт инфрақұрылымын дамыту; дене шынықтыру-сауықтыру көшенін салу және ағымдағы жылы шағын футбол алаңын орнатуды ұйымдастырамын.

Мен, бюджет шектеулі екенін түсінімін, сондықтан төмендегі мәселелерді шешуге қосымша қаражат көздерін іздеймін:

- аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету шараларына;

- елді мекенді абаттандыруға және көгалдандыруға;

- халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға.

Келесі мәселелерді іске асыру үшін үлес қосамын:

- ауылдық жерлерде жастарды жұмыспен қамту, тарту және бекіту;

- салауатты өмір салтын насихаттау;

- округ тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру.

Менің барлық қызметім округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталатын болады!

Құрметті Ноғайбай би ауылдық округінің тұрғындары!

Ертең біздің ауылдық округ қандай

болатыны әрқайсымызға байланысты. Сондықтан Мен Сіздерді сайлау уәдесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Егер Сіздер дұрыс таңдау жаса-саңыздар, мен проблемалық мәселелерді шешуге бар күшімді саламын!

Сіздердің дауыстарыңыз - бұл біздің балаларымыздың, жастардың, ата-аналардың бақыты және гүлденген өміріне қосқан үлесі!

Гүлденген ауыл - табысты ел!

Сайлауға келіңіздер!

Маған дауыс беріңіздер!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

НЕУГАСИМОВА ИРИНА ПАВЛОВНА

ӨМІРБАЯНЫ



1988 жылы 15 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Лебяжье ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары, 2009 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін есеп және аудит мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы 2010 жылғы 14 қаңтардан бастап 2010 жылғы 30 маусымға дейін Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі әкімі аппаратында жастар практикасынан бойынша

техникалық орындаушы болып бастаған.

2011 жылдың 4 қазанынан 2014 жылдың 31 наурызына дейін Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі әкімі аппаратында әлеуметтік жұмыс бойынша маман болып жұмыс істеген.

2020 жылғы 16 наурыздан бастап 2020 жылғы 20 тамызға дейін Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі әкімінің аппаратына хатшының бас маманының міндетін уақытша атқарушы болып қабылданды.

2020 жылдың 21 тамызынан бастап қазіргі уақытқа дейін Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі әкімі аппаратының жалпы мәселелер бойынша бас маманы болып жұмыс істейді.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округі әкіміне өзін-өзі ұсыну жолымен кандидат ретінде ұсынылған.

«Amanat» саяси партиясының мүшесі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Біздің демократиялық мемлекетімізде Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен көп жылдар бойы бейбітшілік пен келісім, халықтар мен ұлт өкілдері арасында түсінушілік пен өзара қолдау сақталып келеді, азаматтардың әл-ауқаты және экономиканың өсуі қамтамасыз етіледі, әлеуметтік және экономикалық салаларда әртүрлі жобалар іске асырылуда.

Егер мен Ноғайбай би ауылдық округінің әкіміне сайлансам, мен қолданыстағы заңнама және өз құзырым шегінде ауылдық округтегі өзекті мәселелерді шешуге бар күшімді саламын.

Менің сайлауалды бағдарламаның

негізгі бағыттары:

- адамдардың әл-ауқатын жақсарту, олардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру;

- ауыл халқының денсаулығын нығайту, аналар мен балаларды, мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғау;

- аулаларды абаттандыру, көшелерді жарықтандыру және ауылдардағы жолдарды жөндеу мәселелерін шешуге жәрдемдесу;

- әлеуметтік сала, яғни білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт мәселелерін шешуге қатысу;
- медициналық қызметтердің сапасы мен

қолжетімділігін жақсартуға жәрдемдесу;

- жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша қолдау көрсету;

- халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;

- аз қамтылған және көп балалы отбасылар мен мүгедектерді қолдау;

- адамгершілік пен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмысты күшейту;

- бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту;

- Ауыл шаруашылығын, кәсіпкерлікті дамытуды белсенді қолдау;

- ауыл үшін қажетті бағдарламаларды

жеңілдікпен қаржыландыруға көмек;

- ауданда тұратын барлық ұлттардың салт-дәстүрлерін дамытуға және олардың арасындағы ұлтаралық келісімді сақтауға жәрдемдесу

- мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру.

Округ азаматтарының белсенділігі арқасында біз тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға бар күш-жігерімді салуға дайынмын. Сондықтан баршаңызды округті жақсартуға атсалысуға шақырамын!

Сайлауға мен Сіздердің қолдауларыңызды күтемін!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Конохов ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ҚОНАЕВ РАМАЗАН МӘУЛЕТАЙҰЛЫ
ӨМІРБАЯНЫ

1987 жылы 30 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Булаев қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары, 2008 жылы Қазақстан-Ресей Ашық білім беру университетін Құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2010 жылы Солтүстік

Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы прокуратурасының көмекшісі міндетін атқарушы болып бастады.

2012 жылы «Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат бөлімі» КММ іс жүргізу жөніндегі инспекторы лауазымына ауысты.

2018 жылы «Мағжан Жұмабаев ауданы

өкімінің аппараты» КММ Ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша бас маман болып қабылданды.

2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін аудан әкімінің ТҚК жұмысы жөніндегі кеңесшісі лауазымында жұмыс істеймін.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өз еліміздің азаматы және біздің ауданның бей-жай емес тұрғыны ретінде мен демократиялық қайта құруларға қатысудың маңыздылығын түсінемін.

Менің мақсатым - сіздің қасыңызда болу және әр отбасының, әр тұрғынның игілігі үшін жұмыс істеу. Конохов ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер болуға шешім қабылдап, Мен өз білімімді, тәжірибемді және бастамамды пайдалана отырып, ауылшымыздың өзекті мәселелерін шешуге барынша күш салуға ниеттімін.

Менің бағдарламаның негізгі бағыттары:

Бюджеттің ашықтығы мен тиімділігі
- Бюджет қаражатының ашық бөлінуін қамтамасыз ету;
- Шағын және орта бизнес саласындағы инвестициялар мен бастамаларды тарту

есебінен бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту;

- Ресурстарды мақсатты және тиімді пайдалануды қатаң бақылау

Әлеуметтік қолдау

- Зейнеткерлерді, мүгедек адамдарды, көп балалы және аз қамтылған отбасыларды қолдау бағдарламаларын іске асыру;
- Қолжетімді әлеуметтік қызметтер мен консультациялық орталықтар құру;

Денсаулық сақтау және білім беру

- Жергілікті медициналық мекемені жаңғыртуға жәрдемдесу және медициналық қызметтердің сапасын арттыру;

- Мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерді қолдау, оларды қажетті ресурстармен және кадрлармен қамтамасыз ету;

Жұмыс және жұмыспен қамту

- Ауыл шаруашылығы, шағын бизнес және сервис саласында жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі жобаларды әзірлеу;
- Жастар және әйелдер кәсіпкерлік бастамаларын қолдау;
- Кәсіптік оқыту мен қайта даярлауды ұйымдастыру

Сапалы ауыз су және инфрақұрылым

- Сумен жабдықтау мәселесін шешу; округ тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;

- Жолдарды жөндеу және салу, көшелерді жарықтандыру, көлікке қолжетімділікті дамыту;

Абаттандыру және жайлы орта

- Қоғамдық аумақтарды, саябақтарды, демалыс орындарын жайластыру;

- Елді мекендерді көгалдандыру және олардың тазалығы жөніндегі бастамалар-

ды қолдау;

Мәдени даму және бос уақыт

- Мәдени орталықтарды дамыту, бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру;

- Барлық жастағы шығармашылық, спорт және бос уақытты қолдау;

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру

- Жергілікті халықтың мүдделерін ескере отырып, ұлттық және Өңірлік даму бағдарламаларын тиімді енгізу және бейімдеу;

Сіздермен бірге біз өз округімізді жайлы, заманауи және гүлденген жерге айналдыра аламыз деп сенемін.

Тек жалпы күш-жігермен, Сіздің қолдауларыңызбен біз осы мақсаттарға қол жеткізе аламыз!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Конохов ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ТАБУЛДИНОВ МАРАТ КЕМЕЛҰЛЫ
ӨМІРБАЯНЫ

1979 жылы 27 қазанда Ресей Федерациясы Түмен облысы Абат ауданы Ленинка ауылында дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі жоғары, 2021 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік

университетін Құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2016 жылы «Табұлдинов» жеке кәсіпкерлігін ашудан бастады.

Сондай-ақ, 2020 жылдан 2021 жылға дейін «Сергеевка 2050» ЖШС директорының орын-

басары болып жұмыс істеді.

2022 жылдан 2026 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конохов ауылдық округінің әкімі қызметін атқарды.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Күрметті ауылдық округ тұрғындары!

Мен әкім сайлауына бір ғана басты мақсатпен қатысып отырмын — округімізді өмір сүруге, еңбек етуге және бала тәрбиелеуге қолайлы, дамып келе жатқан әрі жайлы мекенге айналдыру.

Менің сайлауалды бағдарламам халықтың нақты қажеттіліктеріне және өзекті мәселелерді кезең-кезеңімен шешуге негізделген.

1. Абаттандыру және инфрақұрылым

• Ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу және күтіп-ұстау;

• Көшелерді жарықтандыру, қосымша көше шамдарын орнату;

• Балалар және спорт алаңдарын абаттандыру;

• Қоқысты уақтылы жинауды және заңсыз қоқыс орындарын жоюды бақылау;

• Ұлы Отан соғысы ескерткішін жөндеу;

Мақсаты: таза, қауіпсіз және күтіп-

ұсталатын ауыл.

2. Су, жылу және коммуналдық қызметтер

• Ауыз судың сапасын бақылау;

• Сумен жабдықтау желілерін жөндеу және жаңғырту;

• Жылыту маусымына үзіліссіз дайындық.

Мақсаты: тұрақты әрі үздіксіз коммуналдық қызметтер.

3. Ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті қолдау

• Фермерлерге субсидиялар мен мемлекеттік бағдарламалар алуға жәрдемдесу;

• Гранттар мен жеңілдетілген несиелер бойынша кеңес беру;

• Жеке қосалқы шаруашылықтардың дамуын қолдау;

• Жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ету.

Мақсаты: ауылда еңбек ету мен табыс

табуды тиімді ету.

4. Әлеуметтік сала: білім, медицина, мәдениет

• Мектептер мен балабақшалардағы жағдайды жақсартуға көмектесу;

• Алғашқы медициналық көмек пункттерін жабдықтау және медицина қызметкерлерін тартуға жәрдемдесу;

• Кітапханаларды, үйірмелер мен секцияларды қолдау;

• Мәдени, спорттық және мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру.

Мақсаты: балаларға, жастарға және аға бұныға лайықты жағдай жасау.

5. Жастар және ауылдың болашағы

• Бос уақытты тиімді өткізу мен спортқа жағдай жасау;

• Жастар бастамаларын қолдау;

• Кәсіби бағдар беру және жұмысқа орналасуға көмектесу.

Мақсаты: жастардың туған ауылында

өмір сүріп, дамуына мүмкіндік жасау.

6. Әкімдіктің ашық әрі адал жұмысы

• Тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізу

• Атықарылған жұмыстар мен бюджет қаражатының жұмсалуды туралы ашық есеп беру;

• Азаматтарды жеке қабылдауды жүйелі түрде жүргізу;

• Халықпен жедел байланыс орнату үшін чат/топ құру.

Мақсаты: әкімдік халық үшін және халықпен бірге жұмыс істеуі тиіс.

7. Қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп

• Қараңғы аумақтарда көше жарығын орнату;

• Полиция қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау;

• Құқық бұзушылықтың алдын алу.

Мақсаты: округте тыныш әрі қауіпсіз өмір сүру ортасын қалыптастыру.

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Конохов ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ЧИЩАЕВ ВАЛЕРИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ
ӨМІРБАЯНЫ

1995 жылы 28 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Чистовское ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары, 2019 жылы Омбы мемлекеттік университетін Құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

2019 жылдан 2021 жылға дейін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік

корпорациясы» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы Мағжан Жұмабаев ауданының Халыққа қызмет көрсету бөлімінің маманы болып жұмыс істеген.

2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі

өкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы мәселелер бойынша бас маманы болып жұмыс істеймін.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конохов ауылдық округі өкіміне кандидат ретінде өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Партия мүшесі емес.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Конохов ауылдық округінің әкімі кандидатына берген шешімімнің себебі, осы жұмысты атқарғым келеді, көпбашылық дағдыларымды және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмірлік сапасын көтеру, әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындау болып табылады.

Егер мені жерлестер Конохов ауылдық округінің әкімі етіп сайласа, өз қызметімді келесі мақсаттарды жүзеге асыру үшін бағыттайтын боламын:

- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп

балалы және аз қамтылған азаматтарға әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыру; - жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру; - ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықпен қамтамасыз ету бағдарламаларды іске асыру; - мұқтаж адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмыс ұйымдастыру;

- жан-жақтан мәдени даму шарттарын жасау.

- өмір сапасын, ауылдық округ

тұрғындарының әл-ауқатын арттыру;

- округтің ауылдарын абаттандыру, жолдарды жөндеу;

- зейнеткерлерді, мүгедектігі бар адамдарды, көп балалы және аз қамтылған азаматтарды қолдау;

- сапалы өмір салты және адамгершілікті насихаттау жұмысына күш салу;

- медициналық мекеменің жұмысын жетілдіру;

- бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту;

- мемлекеттік бағдарламаны орындау;

- елді мекендерді абаттандыру, ауылшілік жолдарды, кірме жолдарды жөндеу, көше жарығын жөндеу.

Осылайша, округ азаматтарының белсенділігі арқасында біз тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға, ауылдық округтегі елді мекендерді көркейтуге, ауылдарымызды өмір сүру үшін қолайлы етуге бар күш-жігерімді салуға дайынмын.

Жиналған мәселелерді шешу үшін Сіздерден сайлауда зор қолдау күтемін! Сайлауға келіңіздер!

Дұрыс таңдау жасаңыздар!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

АЛҚАБИЛЕР МАС КҮЙІНДЕ ЖАСАЛҒАН АДАМ ӨЛТІРУ ІСІ БОҰЫНША АҰЫПТАУ ШЕШІМІН ШЫҒАРДЫ

Солтүстік Қазақстан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты алкогольдік мас күйінде тұрмыстық жанжал барысында жасалған адам өлтіру және адам өлтіруге оқталу бойынша резонансты іс бойынша айыптау үкімін шығарды.

Ер адам адам өлтіру және адам өлтіруге оқталу қылмыстары бойынша кінәлі деп танылды.

Анықталғандай, 2025 жылғы 17 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Полтавка ауылында, «Б» алкогольдік мас күйінде, туындаған жеке араздық пен қызғаныш негізінде, тұрғын үйді өртеп жіберу арқылы «И», «Д», «Л» азаматтарын өлтіріп, «К» азаматын өлтіруге оқталған. Бұлтартпас дәлелдердің, келтірілген зардаптардың ауыр-

лығының және жеңілдететін мән-жайлардың болмауының негізінде, сондай-ақ сотталушының жеке басы туралы деректер мен қылмыстың салдарын ескере отырып, сот әділ үкім шығарып, кінәліні 25 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесті.

Алқабилер сотталушының мас болу дәрежесіне қарамастан, қайтыссыз салдарға өкел соққан қасақана әрекеттер жасағанын анықтады. Қабылданған шешім жазаның бұлтартпастығы қағида-

тын растайды.

Үкім заңды күшіне енді. Бұл қайғылы оқиға алкогольді шамадан тыс пайдаланудың жойқын салдары туралы тағы да ойлануға мәжбүр етеді, себебі ол тым жиі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және орны толмас шығындардың катализаторына айналады.

Өйткені Конституцияға сәйкес әр адам өмір сүруге құқылы және ешкімнің адамды өмірінен өз бетінше айыруға құқығы жоқ.

БІР ЖЫЛ МЕРЗІМГЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысының Булаев қаласында өткен жылдың қазан айында қызметтік міндетін атқару кезінде билік өкілдеріне қатысты адам өлтірімін деп қорқытып, күш қолданғаны үшін ұсталған аудан орталығының 32 жастағы тұрғынына қатысты қылмыстық іс бойынша көрсетілдімдік сот процесі өтті. Үкімнің жариялануы аудандық мәдениет үйіне және ауылдық округтердегі мектептерге тікелей трансляцияланды.

Мәдениет үйінің залында мектептер мен колледждің оқушылары, сондай-ақ полицияның профилактикалық есебінде тұрған арнайы шақырылған азаматтар — бұрын сотталғандар, алкогольді теріс пайдаланатындар, отбасылық жанжал шығарушылар қатысты. Іс-шараны аудандық полиция мен прокуратура жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ұйымдастырды. Сот отырысы басталар алдында «Заң мен Тәртіп» идеологиясын нығайту, интернет-алаяқтыққа, нашарлыққа, экстремизмге және тұрмыстық-зомбылық қыл-

мыстарына қарсы іс-қимыл, сондай-ақ жол және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Еске салайық, 28 қазанда Булаев қаласында дене жарақатын келтіру туралы шақыртуға барған полицейлер спирттік ішімдік ішіп отырған жанжалға қатысушыларды ұстаған. Солардың бірі 32 жастағы қала тұрғыны — полиция қызметкерлеріне пышақпен шабуыл жасаған. Оқиғаға қатысушылардың барлығы ұсталып, қылмыстық іс қозғалды, күдікті қамауға алынды. Сол

кезде Ішкі істер министрлігі Заңға және билік өкілдеріне деген кез келген құрметсіздікке қағидатты құқықтық баға берілетінін атап өткен болатын.


Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сот ер адамды жоғары қауіпсіздік режиміндегі мекемеде бір жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға үкім етіп, алкогольизмнен мәжбүрлен емдеуді тағайындады.

Құқық қорғау органдары бұл іс-шараның, өсіресе, жастар мен бұрын заңмен мәселесі болған тұлғалардың қатысуына ескере отырып, айқын профилактикалық өсері бар екенін атап өтті.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС- ШАРАСЫ

«ҚАУІПСІЗ АУЛА»



СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев аудандық проба-ция қызметі бөлімі 2026 жылдың 28-ші қаңтарынан бастап 3-ші ақпаны аралығында «Қауіпсіз аула» бойынша жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізді.

Жедел-профилактикалық іс-шараны өткізу барысында СҚО ҚАЖД бойынша аудандық проба-ция қызметі бөлімімен және Мағжан Жұмабаев ауданы ІІБ қызметінің уәкелісі полиция қызметкерлері жұмылдырылды. Бұл іс-шараның басты мақсаты — проба-ция бөлімінде есепте тұрған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарды тұрғылықты мекен-жайы бойынша тексеріспен қамтып, құқықбұзушылықтарды алдын алу болып келеді.

«Қауіпсіз аула» ЖПШ өткізу барысында Мағжан Жұмабаев аудандық проба-ция қызметі бөлімінің есебінде 25 сотталған тіркелген.

Сотталғандардың қатарынан жазаны өтеудің шарттарымен тәртібін орындауынан жалтарғаны анықталған күнде, олардың, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазасы бас бостандығын айыру түріндегі жазаға ауыстырылу сұрағы сотта қарастырылатыны жайлы олар ескертіледі.

Сондай-ақ проба-ция бөлімінің қызметкерлерімен, сотталғандардың қатарын құқықбұзушылықтарды алдын алу мақсатында халықтың көп шоғырланған жерлері (кафе, ресторан, түнгі клубтар және сабақтар) тексеріспен қамтылады.

Қазіргі уақытта әрбір сотталушымен үнемі қылмыстық құқықбұзушылықтарға қайтадан қол бермеу жөнінде алдын алу өңгімесу жүргізіледі, сонымен қатар сотталушыға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіледі.

Әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру мақсатында, сондай-ақ сотталушының түзелуі бойынша барлық жұмыстар жасалады.

Жазаны өтеу шарттарымен тәртібін бұзған сотталғанға қарасты, бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығын айыру жазасына ауыстыру сұрағын шешу үшін және оған қатысты бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын мерзімінен бұрын — шартты түрде босату үшін материалдар аудандық сотқа жолданады.

Ғалымжан БАЙБАСИЯН, СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев аудандық проба-ция қызметі бөлімінің бастығы, әділет капитаны.

«ҚЫЗМЕТТІК ҚАРУ»



«ҚЫЗМЕТТІК ҚАРУ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

2026 жылдың 2 ақпаны мен 14 ақпаны аралығында Петропавл станциясы желілік полиция бөлімінің қызмет көрсету аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қару айналымына байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Қызметтік қару» жедел профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Іс-шара барысында қызметтік қаруды сақтау, алып жүру және қолдану тәртібінің сақталуына бақылау күшейтілді. Қызметкерлердің қызметтік қарумен жұмыс істеу талаптарына сәйкестігі тексеріліп, қару мен оқ-дәрілердің жоғалуына, заңсыз қолданылуына жол бермеу бағытында профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Аталған жедел профилактикалық іс-шара қызметтік тәртіп пен заңдылықты нығайтуға, сондай-ақ қаруды қауіпсіз пайдалану талаптарын қатаң сақтауға бағытталды.

Булаев станциясындағы желілік полиция бөлімшесі.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

1. УӘКІЛЕТТІ ОРГАНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДА АҚША ҚАРАЖАТЫН ТARTY ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ДӘЛ АЙҚЫНДАУ ҮШІН БЕРІЛГЕН ЛИЦЕНЗИЯСЫНЫҢ БОЛМАУЫ
2. ҚАЗІРГІ НАРЫҚТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕН БІРНеше ЕСЕ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АСА ЖОҒАРЫ КІРІСТІЛІК ТУРАЛЫ УӘДЕ
3. ЖАҢА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ TARTY ҮШІН ҚАРАЖАТ ТӨЛЕУ
4. «ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ» ЖОБАЛАРҒА САЛҒАН КЕЗДЕ КІРІСТІЛІК АЛУҒА КЕПІЛДІК БЕРУ
5. БАҚ-ТА, ИНТЕРНЕТТЕ ЖАЛПАЙ ЖАРНАМАЛАУ
6. ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР, ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ, ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҢ БОЛМАУЫ
7. ЕСЕПТІЛІКТІҢ БОЛМАУЫ; АКТИВТЕР МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ БАҒЫТТАРЫНЫҢ АЙҚЫН ЕМЕС ҚҰРЫЛЫМЫ
8. МЕНШІКТІ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫҢ, БАСҚА ДА ҚЫМБАТ АКТИВТЕРДІҢ БОЛМАУЫ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР



<p>Директор – бас редактор Нелья ГОИЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Бағдар Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldiizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magjan Juldyy» газеті редакцияда теріпін беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басалады. (Петропавл қ., Коммунал кө-сі, 5 үй). Тарауына - 600</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәдениеттің тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік акпараттың саясатын жүргізудегі рөлін басылым болып табылады</p>
--	---	--	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, ренегцияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады